



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Ж.М.Шопанова

2025ж.

**Қорғалжын аудандық білім бөліміне қарасты
“Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі” КММ-нің
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ЖОСПАРЫ**

**ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқраушы бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес.
ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025ж.26 мамырдағы 123 бұйрығына (толықтыру мен өзгерту)
сәйкес.**

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.Ж.Қаппар

МАҚСАТЫ: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ:

- «ҚАМҚОР» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- **«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»** - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«SMART BALA»** - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«ШАБЫТ»** - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»** - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»** - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

ТӘРБИЕНІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осалобъектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚРБҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгіережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС				
1	Алдыңғы оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарының іске асырылуын талдау	Талдау	ДТІЖО	Тамыз
2	Тәрбие жұмысы бойынша ҚР ОАМ нормативтік құжаттарының жаңартылған нұсқасымен таныстыру	Нормативтік құжаттар	ДТІЖО	Тамыз
3	«Адал азамат» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспарының жобасын әзірлеу	Жоспар	ДТІЖО	Тамыз
4	«Адал азамат» бағдарламасына сәйкес мектеп/сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлеу»	Жоспар	ДТІЖО	Тамыз
5	Тәрбие жұмысы бойынша негізгі	Хаттама	ДТІЖО	Тамыз

	басымдықтарды бекіту бойынша әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес немесе жұмыс тобының отырысын өткізу			
6	6 әлеуметтік жоба бойынша концепциясын, жоспарын әзірлеу: «ҚАМҚОР»; «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»; «SMART BALA»; «ШАБЫТ»; «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ», «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»	Концепция, жоспар	ДТІЖО	Қыркүйек
7	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын әзірлеу және үйлестіру	Ақпарат	ДТІЖО	Тамыз
8	«Адал азамат» брендбук талаптарына сәйкес стендтерді рәсімдеу және ақпаратты жаңарту	Стенд, безендіру	ДТІЖО	Жыл бойы
ЖЫЛ БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР				
1	Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнама жүргізу, кездесулер)	Хаттама, анықтама, талдау, іс-шаралар, ақпарат	ДТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобалары бойынша жұмысды іске асыру	Іс-шаралар	ДТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
3	Желілік өзара әрекеттестік пен серіктестікті кеңейту	Іс-шаралар	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Жыл бойы
4	Күнделікті жүргізілетін жобаларды іске асыру: «Күй күмбірі», «Үнемді	Жобалар	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Жыл бойы Күнделікті

	тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта күндері»			
5	Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен ынтымақтастық арқылы оқушыларды тәрбиелеуде кешенді тәсілді қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтардың алдын алу, құқықтық сана қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және патриотизмді қалыптастыру	Мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-шаралар	ДТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог Мектеп инспекторы	Жыл бойы
6	Тәрбие жұмысының тиімділігін мониторингтеу және бағалау	Анализ / анықтама / сауалнама		Жыл бойы
7	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттары бойынша сынып жетекшілерінің жұмысын мониторингілеу	Анықтама	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Желтоқсан Мамыр
8	«Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін мониторингілеу (талдау, диагностика, сауалнамалар)	Анықтама	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Жыл бойы
9	Жас сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік ету	Жоспар, кеңес, әдістемелік көмек, семинарлар, талдау, кері байланыс	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Жыл бойы
10	Балаларға қосымша білім беру	Үйірме/секция	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Сынып жетекшілері	Жыл бойы
11	Мектептің оқушылары парламенті мен өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру және қолдау	Жоспар, хаттама, есеп, талдау, іс-шаралар, кері байланыс	ДТІЖО	Жыл бойы
12	Интегративті сабақ	Сынып сағаты	Пән мұғалімдері, сынып	Жыл бойы

			жетекшілері.	Қыркүйек - мамыр
13	Қауіпсіздік техникасы, өрт және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізу	Нұсқаулық, қауіпсізді сағаты	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері.	Жыл бойы
14	Қауіпсіз балалық шақ: қамқоршы ата-ана» ата-аналарға арналған семинар-тренингтер	Ата-аналарға арналған тренинг	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Сынып жетекшілері	Апта сайын
15	«ДосболLIKE» пилоттық жобасы — буллингтің алдын алу механизмдерін енгізуге және профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған антибуллинг бағдарламасы	Буллингке қарсы бағдарлама	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Сынып жетекшілері	Тұрақты
16	««Психолог кеңестері», «Денсаулық құндылығы» атты апталық видеороликтер сериясы және (YouTube) арнасындағы вебинарлар»	Ата-аналарға, педагогтарға және оқушыларға арналған YouTube трансляциясы	Психолог Сынып жетекшілері.	Ай сайын
17	«Көңілді карта», «Карта настроения» — оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын апталық диагностикасы, сынып сағатында педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісінің бірлесіп жүргізуі.»	Сынып сағаты	Психолог Сынып жетекшілері	Апта сайын
18	«STOP буллинг» жобасы — буллинг пен мектептегі зорлық-зомбылық мәселелері бойынша анонимді өтініштер үшін QR-кодты білім беру ұйымдарының ақпараттық стендтерінде, холлдарында және сайттарында орналастыру. (күнделікті	Жобаны іске асыру	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілері	Күнделікті

	QR-кодтар, АСППМ HR+)			
19	Тәрбие жұмысының ақпараттық қамтамасыз етілуі (мектеп сайты, әлеуметтік желілер, газеттер)	Ақпарат	ДТІЖО Сынып жетекшілері Жауапты маман	Күнделікті
20	Тәрбие жұмысы бойынша есеп әзірлеу (жартыжылдықтар бойынша, оқу жылының соңында)	Анализ, есеп, анықтама	ДТІЖО	Жартыжылдық, жылдық
21	Білім беру процесінің қатысушыларының мектеп іс-шараларына қатысу деңгейін сапалық және сандық талдау жүргізу	Анализ	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Ай сайын
22	Есепте тұрған балалармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру	Есеп, анықтама	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілері	Күнделікті
23	Кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру және өткізу: кәсіби қызығушылықтарын анықтау, тақырыптық сынып сағаттарын өткізу, түрлі мамандармен кездесулер, оқу орындары мен өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастыру, кәсіптік бағдар жәрмеңкелеріне қатысу	Есеп, анықтама, кездесу	ДТІЖО Кәсіби бағдар б. Ж. орынбасары Сынып жетекшілері	Ай сайын

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

1	Білім күні «Мектеп – мейірім	Салтанатты іс-шара	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек
---	------------------------------	--------------------	-------------------	----------

	мекені!»!» «Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджі 2-4-сынып білім алушылары: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» 5-8-сынып білім алушылары: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты» 9-11-сынып білім алушылары: «Арманым мен мақсатым»	1-сынып	1-11-сынып жетекшісі	1-апта 01.09.2025жж
2	<u>Сынып сағаты</u> «Менің Қазақстаным!» «Адалдық сағаты» адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған сағат Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қыркүйек 1-апта 02.09.2025ж
	ИДН кездесу Мақсаты: Жасөспірімдердің құқығын қорғау және қылмыстың алдын алу			
	Сынып жетекші бірлестігімен жұмыс «Біртұтаас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру»			
3	«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы» адаптация (1,5,10 сынып)	тренинг	Педагог-психолог Сынып жетекші	Қыркүйек
4	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»	Қазақстан халқы тілдері күніне	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек

		арналған жалпы мәдени –тәрбиелік іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	
5	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Мектеп пен отбасы – бір мақсат, ортақ тәрбие» ата-аналар жиналысы (Тайм-менеджмент, өзін-өзі ұйымдастыру, қауіпсіздік, мектеп ішіндегі ережелер мен нормалар туралы мәселелер) «Балалар буллинг, кибербуллингтің құрбаны болғанда не істеу керек?» тренинг	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйек айының 1 аптасы
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
5	<u>Сынып сағаты</u> «Отбасы – еңбекке баулудың алғашқы мектебі» 1-4 сынып «Family Vibes: отбасы энергиясы / «Біздің үйдің 5 ережесі» 5-9 сынып <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Отбасындағы еңбек: дәстүрмен тәрбие» 10-11 сынып	Сынып сағаты	Сынып жетекші	Қыркүйек 2-апта
7	«Бақытты отбасы - берекелі ел» апталық Челлендж «Отбасы – тәрбиенің алтын	Отбасы күніне арналған апталық Отбасы күніне	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Әлеуметтік-педагог	Қыркүйек 2-апта

	бесігі» «Менің анам» үздік бейнероликтер байқауы	арналған челлендж Аналар күніне арналған рилс	Сынып жетекші	
9	«Өмірге салауатты қадам»	Спорттық іс-шаралар	ДТІЖО Медбике Денешынықтыру пәні мұғалімі	Қыркүйек 2-апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/				
10	Құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды анықтауға арналған психологиялық тест	Тест (ББҰ-да құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2025 жылғы арналған жұмыс жоспарына сәйкес)	ДТІЖО Педагог-психолог Сынып жетекші	Қыркүйек 3-апта
12	Өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу	Профилактикалық сұхбат	ДТІЖО Шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек 3-апта
13	<u>Сынып сағаты</u> «Мейірімді бол, ренжітпе» 1-4 сынып «Сөзбен де жаралауға болады..» («Буллингтен қорған» жобасы аясында) 5-9 сынып <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Буллинг әлсіз адамның қаруы ма?» 10-11 сынып	Сынып сағаты (Оқушылардың «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында шағын зерттеу жұмыстарын дайындап, таныстыруы)	Сынып жетекші	Қыркүйек 3-апта
14	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары	Кездесу, дөңгелек үстел (ББҰ-да құқықбұзушылықтардың	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Қыркүйек 3-апта

	өкілдерімен кездесу «Жасөспірімдердің жауапкершілігі және тәртіптік мәдениеті»	алдын алу жөніндегі 2025 жылғы арналған жұмыс жоспарына сәйкес)	Педагог-психолог Мектеп инспекторы	
15	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясындағы мектепшілік пікірсайыс турнирлері «Құқықбұзушылық- ішкі мәдениеттің көрінісі ма?»	Дебаты	Дебат жетекшісі	Қыркүйек 3-апта
Апта дәйексөзі: Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. /Абай/				
16	<u>Сынып сағаты</u> «Жетістік формуласы: еңбек + төзім + мақсат» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 10-11сынып</i>	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Қыркүйек 4-апта
5	«Еңбегімен елге үлгі» Еңбекқорлықжәнекәсібибіліктіліккүн дылығына іс-шаралар <i>1-4сыныптар«Біздің үйдегі еңбек»</i> <i>5-9сыныптар«Адалеңбек– адамдықтыңбелгісі» 10-11сыныптар«Мамандықпенеңбектаңдауы– болашаққа бастар жол»</i>	Еңбек күніне арналған жаппай тәрбиелік іс-шара	Сынып жетекшілері Кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасары	Қыркүйек айының 4 аптасы
18	«ЭКО-ҚЫРКҮЙЕК» экологиялық челлендж «Қамқор», «Таза Қазақстан» жобалары аясында	Челлендж	«Қамқор» жобасының жетекшісі	Қыркүйек 4-апта

19	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар	Ашық есік күні	Білім беру ұйымдары (Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс, бейіндік, тәрбие жұмысы және оқу ісі жөніндегі орынбасарлары)	Қыркүйек 4-апта
	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының мектепшілік, аймақтық кезеңдері	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек айы
7	«Абай мұрасына саяхат» тақырыбындағы облыстық әдеби-танымдық фестиваль Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына - 180 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара, сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Жыл бойы
	«Меноқыған кітапты сенде оқы» библио-кроссакциясы(<i>жазғы каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау</i>) «Балалар кітапханасы» жобасы (<i>облыстық жоспар негізінде</i>)	Акция	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	«Меноқыған кітапты сенде оқы» библио-кроссакциясы(<i>жазғы каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау</i>) «Балалар кітапханасы» жобасы (<i>об</i>

				лыстық жоспар негізінде) Жыл бойы
	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б)	Профилактикалық іс-шара,әдістемелік сүйемелдеу, бейнероликтер жолдау	Облыстық білім басқармасы, Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы, қалалық, аудандық білім бөлімдері	
	Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысын сыныптар бойынша ұйымдастыру <u>1-4-сыныптар</u> Кәсіби бағдар берудің алғы шарттары <u>Ата-аналар жиналысы,ата-аналардың қатысуымен ашық сабақтар мен сынып сағаттары, жеке консультациялар</u> <u>5-7-сыныптар</u> Білім алушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру <u>8-9-сыныптар</u> Білім алушыларды мамандық таңдау негіздерімен таныстыру (кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білім) <u>10-11 сыныптар</u> <u>Бітірушінің</u> кәсіп таңдау және мансап құру процесінде өз рөлі мен	Жылдық жоспар	Мектеп әкімшілігі Оқу, ғылыми-әдістемелік, кәсіби бағдар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері	Жыл бойы

	жауапкершілігін түсінуге бағыттау, таңдалған кәсіби өріс және олардың болашақтағы орны туралы нақты түсінік			
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				
1	<u>Сынып сағаты</u> <u>1-4 сынып «Мектептегі тәртіп және ережелерді сақтау»</u> <u>5-9 сынып</u>«Құқықтық сауаттылық-заман талабы» 10-11 сынып «Құқықбұзушылықтың салдары және жауапкершілік» «Тәуелсіздікжәнеотаншылдық»құндылығына сәйкессынып сағаты Қауіпсіздіксабағы(10минут)	Сынып сағаты	Сыныпжетекшілерімүдделі мемлекеттік органдармен (Қорғанысбөлімшелері,әскери мамандар)бірлескен	Қазан 1-апта
2	«Қоғамғақызметету»волонтерлық қызмет, халықаралық акция «Қамқор»жобасы	Жалпы мектепішілік волонтерлықакциясы	Директордыңтәрбиежұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері,сыныпжетекшілері, тәлімгер, жоба жетекшісі	Қазан айы
3	«Шабыт» жобасы аясында «Даналық	Мұғалімдер күніне	Мектеп әкімішілігі	Қазан

	ұстаздан» челленджі	арналған челлендж	ДТІЖО Сынып жетекшілері.	1-апта
	«Қуанышсыйлайық» (қарттарға құрмет көрсету) «Қамқор» жобасы	Мектепішілікшара	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, тәлімгер, мектеп парламенті	Қазан айы
	«Сымбатты ару – салауатты өмір иесі» Салауатты өмір салтын ұстануға баулу	Қыздар жиналысы		
4	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер.	Қазан айы
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
5	Сынып сағаты «Адалдық сағаты», Адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған сағат 1-4 сынып - «Академиялық адалдық деген не?» 5-9 сынып – «Жалған ақпарат пен плагиаттың зардабы» 10-11 сынып – «Академиялық этика: дұрыс білім алу жолы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (Жастар арасында академиялық адалдықты ілгерілету бойынша Астана қаласының 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес)	Сынып жетекшісі	Қазан 2-апта
6	«Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?»	Әңгіме	Бірлескен шара. ДТІЖО, мпсихолог, медбике. Сынып, жетекшілері.	Қазан 2-апта

7	« Кітапханаға кітапсыйла » кітапханашылар күніне орай кітапханаға кітапсыйлау акциясы «Балалар кітапханасы» жобасы (қалалық жоспар негізінде)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектеп ішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	Қазан айы
8	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	ДТЖІО Тәлімгер Жоба жетекшісі: кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасары	Қазан 2-апта
Апта дәйексөзі: Отанды сүйу – отбасынан басталады!				
19	<u>Сынып сағаты</u> 1-4 сынып – «Онлайн достық және оның қауіптері» 5-9 сынып - «Сенің цифрлық көлеңкең: интернет сен туралы нені біледі?» 10-11 сынып – «Цифрлық әлемде жауапкершілік пен құқық» («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Профилактикалық сынып сағаты (ойынға құмарлықтың алдын алу)	Сынып жетекшісі	Қазан 3-апта
10	«Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы бойынша қалалық форум «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың негізгі себебі – тәрбиеде ме, ортада ма?»	Мектеп дебат клубтары	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы Дебат жетекшісі	Қазан 3-апта
11	«Ақындар айтысы» – Республика күні мерекесі қарсаңында «Шабыт» жобасы	Ақындар айтысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Қазан 3-апта

	аясында жас ақындар айтысын ұйымдастыру		сынып жетекшілері мәдени мекемелермен бірлесіп	
	Ер баламен жұмыс «Нағыз ер азамат қандай болуы керек?» дөңгелек үстел			
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
12	Сынып сағаты 1-4 сынып - «Республикам – мақтанышым!» 5-9 сынып – «Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның маңызы» 10-11 сынып «Қазақстанның болашағы – тәуелсіздік пен бірлікте» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Қазан 4-апта
13	«Тәуелсіздікпен Республика – егеменелдің қос тірегі» мектепішілік іс-шара «Қыранелім-Қазақстан» Республика күніне орайтуған өлке сіні ақын- жазушыларының кітаптарына шолу жасау <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (қалалық жоспар негізінде)</i>	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және кітаптарға шолу жасау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	Қазан айы
14	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының аудандық, қалалық кезеңдері	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”,	аудандық білім бөлімі	Қазан айы

		“Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары		
15	Республика күніне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы оқушылар арасындағы пікірсайыс турнирі	Дебат (Жастар арасында академиялық адалдықты ілгерілету бойынша Астана қаласының 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес)	Дебат жетекшісі Тәлімгер	Қазан 4-апта
16	Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына - 110 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепішілік іс-шара, сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазан айының 4 аптасы
17	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар Ата-аналар жиналысы	Ашық есік күндері Хаттама	ДТІЖО	Қазан 5-апта
18	«Қағазға – өмір сыйла! / Подари бумаге вторую жизнь!» ЭКО-челлендж «ЭкоСана» жобасы аясында («Қамқор» жобасы)	Қағаз жинау және тапсыру	Жоба жетекшісі	Қазан 5-апта
	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б)	Профилактикалық іс-шара, әдістемелік сүйемелдеу, бейнероликтер жолдау	ДТІЖО Мектеп инспекторы. Сынып жетекшісі.	Жыл бойы

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
1	«Күзгі демалыс: 1 кітап – 1 кейіпкер – 1 ой»	Челлендж (күзгі демалыс уақытында)	Жоба жетекшісі.	Қараша 1-апта
	Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру	Қосымша жоспарға сәйкес	ДТІЖО Сынып жетекшілері. Мектеп ұжымы.	Қараша 1-апта
	<u>Сынып сағаты</u> <u>1-4 сынып – «Мектепте адалдық: достық пен жауапкершілік»</u> <u>5-9 сынып - «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»</u> <u>10-11 сынып – «Адалдық пен сенім: өмірдегі орны»</u>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қараша айының 1 аптасы
	“Әділдік пен жауапкершілік - тұлғаның басты қасиеті” 1-4 сыныптар «Мектеп театры» және «Шабыт» жобасы “Әділ ұстаным-өнегелі өмір” 5-7 сыныптар «Абай-әділдік символы» Ақынның қара сөздерінен әділдік тақырыптары жайлы зерттеушілік жұмыс 8-11 сыныптар	Театр қойылымы Өнеге сағаты Дөңгелек үстел	Гуманимтарлық пәндер бірлестігі, тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшілері	Қараша айының 1 аптасы
2	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің	Қызылорда облысы білім басқармасының “Тәрбие, спорт және қосымша білім	Қараша

	“Сыр лигасы” жобасы сайыстарының облыстық кезеңі	сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары	беру” орталығы	
	«Әдеп пен әдемілік» қыздарға арналған тренинг	тренинг		
	Ата-аналармен жұмыс «Ынтымақтастық және мектеппен байланыс»			
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!				
3	<u>Сынып сағаты</u> 10-11 сынып - «Қаржылық сауаттылық: ақшаны басқару мәдениеті» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 5-9 сынып - «Теңге– ТәуелсізҚазақстанныңжетістігі» 1-4 сынып – «15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні»	Сынып сағаты Тәрбиелік шаралар	Сынып жетекші Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қараша 2-апта Қараша айы
4	«Ұшқыр ой алаңы» <u>«Жасөспірімге басты міндет – білім алу ма, әлде ақша табу ма?»</u>	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшісі	Қараша 2-апта
5	«Қыз бала тәрбиесі: тазалық, күтім және қауіпсіздік» (5-11 классы)	Сұхбат/ дөңгелек үстел	ДТІЖО Медбике	Қараша 2-апта

6	Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына - 140 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепішілік іс-шара, сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қараша
	Сынып жетекшілермен жұмыс «Оқушыларды жақсы тәлім-тәрбие мен инабаттылыққа тәрбиелеу»			
Апта дәйексөздері: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
7	<u>Сынып сағаты</u> 1-4 сынып – «Адалдық туралы аңыздар мен ертегілер» 5-9 сынып - «Адал болу — жеңіске жетудің кепілі» 10-11 сынып - «Адалдық-ардың ісі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Қараша 3-апта
8	Интернетке, компьютерге және ойынға тәуелділікті анықтау бойынша тест сауалнама ұйымдастыру	Қорытындысы бойынша жұмыс жасау.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары	Қараша
9	«Смарт бала» жобасы аясында «Startup» байқауы	Мектепішілік байқау	Жоба жетекшісі	Қараша 3-апта
10	«АСЫҚ АТУ» челленджі	Челлендж	Өнер бірлестігінің жетекшісі (Дене шынықтыру бірлестігі)	Қараша 3-апта
	Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепішілік іс-шара, сынып	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-ұйымдастырушы	Қараша

		сағаттары		
